

6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Мамбетов Бекзат Махмұтұлының «Отандық тарихи тұлғатану бағыты (Академик С.Б. Бәйішевтің өмірбаяны мысалында)» тақырыбындағы диссертациясына

Пікір

Мамбетов Бекзат Махмұтұлының «Отандық тарихи тұлғатану бағыты (Академик С.Б.Бәйішевтің өмірбаяны мысалында)» деген тақырыптағы 6D011400 Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысымен таныстым. Тақырып отандық тарихи тұлғатану бағыты бойынша Отан тарихының мазмұнын өзектілендіруде өзектілікке ие деп бағалаймын. Соңғы кезде тұлғатану бағытында жүргізілген тарихи зерттеулер қатарының мол болуына қарамастан бұл бағыттың методологиялық ұстанымдары мен тарихи тұлғалардың қызметі мен алатын орнын анықтаудың ортақ әдістемелік өлшемдерінің қалыптаспауы орын алып келеді. Сол үшін де осы тақырыпқа батыл ізденістермен зерттеулер жасаған Б.Мамбетовтың диссертациясы ғылыми тұжырымдарымен ерекшеленеді деп бағалаймын.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері оның мазмұнына толық сай келеді, тақырыптық ауытқулар байқалмайды. Мазмұн мен құрылым бірізділікпен дайындалған. Диссертанттың ғылыми стилі академиялық талаптарға сай келеді. Ойы орамды, тілі жатық.


Жұмыстың ғылыми жаңалығы ретінде бес түрлі жаңалық аталған екен. Аталған жаңалықтардың қаншалықты ғылыми дәлелденгендігіне назар аудардым, талдап көрдім. Шындығында диссертант атап көрсеткеніндей отандық және шетелдік ғалымдардың тұлғатануға қатысты іргелі зерттеулерінің тұжырымдары негізге алынып, архив деректері мен естеліктер мәліметтері әрбір жаңалығының негізділігінің дәлелі ретінде қолданылғандығы аңғарылады. Ең бастысы педагогикалық зерттеулер жүргізіп, эксперимент жасауы арқылы да құрастырған таңдау пәнінің мазмұнын оқу үдерісіне енгізуге қолайлы әдістерді қолдануға мүмкіндік бергендігі көрініп тұр.

Қорыта айтқанда, Мамбетов Бекзат Махмұтұлының «Отандық тарихи тұлғатану бағыты (Академик С.Б.Бәйішевтің өмірбаяны мысалында)» тақырыптағы 6D011400 Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) диссертациясының ғылыми жаңалығы бар еңбек деп бағалаймын. Ғылыми атақтар беру туралы ереженің талаптарын қанағаттандыратын еңбек ретінде философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге болады деп бағалаймын.

Пікір беруші:

Тарих ғылымдарының докторы,

М.Әуезов атындағы ОҚМУ профессоры:



С.Н.Әлібек